




Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ӘН-92-2024



ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАТАҚХАНАСЫНДА ТҰРУ ЕРЕЖЕСІ



Мазмұны

1.	Мақсаты және қолдану саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4.	Жалпы ережелер	3
5.	Студенттік жатақхана жұмысының тәртібі	4
6.	Жатақханада тұратындардың құқықтары	5
7.	Жатақханада тұрушылардың міндеттері	6
8.	Жатақханадағы өзін-өзі басқару органдары	8
9.	Жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік	9
10.	Жатақханада санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы	10
11.	Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	11
12.	Қосымшалар	12
13.	Танысу парағы	



Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ЭН-92-2024

1. Мақсаты және қолдану саласы

1.1 Осы ереже Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің жатақханасында тұратын студенттерінің жалпы талаптарын белгілейді.

1.2 Осы Ереженің нормалары жастар бастамалары орталығы мен студенттердің қолдануы үшін міндетті.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Жарғысы, сондай-ақ Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің өзге де ішкі нормативтік құжаттары негізінде.

2.3 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары және өзге де нормативтік құжаттар.

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Қысқартулар

ЦМИ
ЭЦК

Жастар бастамашылығы орталығы
Электронды цифрлық қолтаңба

4. Жалпы ережелер

4.1 Осы Ереже Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің жатақханасында тұратын студенттердің онда тұру тәртібін, құқықтары мен міндеттерін регламенттейді.

4.2 Қазтұтынуодағының Қарағанды университетінің жатақханасында тұрудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Жарғысы, сондай-ақ Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің өзге де ішкі нормативтік құжаттары негізінде әзірленді.

4.3 Ереже Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ішкі нормативтік актісі болып табылады және Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің барлық лауазымды тұлғаларының, жатақханада тұратын тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4.4 Білім алушының өтініші (1-қосымша), тұрғын үйді жалдау шарты(2-қосымша), жатақхана беру туралы жолдама (4-қосымша) мен жатақханаға



орналастыру туралы бұйрық, Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес, жатақханада тұрудың негізі болып табылады.

4.5 Жатақханада тұрғаны үшін ақы төлеу мен оның мөлшерін университет ректоры белгілейді және бекітеді.

4.6 Жатақханада тұрумен байланысты барлық даулы мәселелерді қарау, тәртіптік ықпал ету жазаларын шығару, сондай-ақ тұрғын үйді жалдау шартын бұзу және жатақханадан студентті шығару, «Тұрғын үй комиссиясының» құзыретіне жатады. Тұрғын үй комиссиясының шешімі жатақханада тұратын білім алушылар үшін міндетті болып табылады.

Тұрғын үй комиссиясының құрамына әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, ЖБО директорының орынбасары, факультеттер декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, жатақханалардың коменданттары, университеттің студенттік Парламентінің Омбудсмені кіреді.

4.7 Осы Ереже талаптарын, тұрғын үйді жалдау шартын, Өрт қауіпсіздігі ережесін, Студенттердің ар-намыс кодексін және/немесе Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің өзге де нормативтік құжаттарын бұзған, 1 (бір) тәртіптік жазасы бар студент, қайталап бұзған жағдайда, «Тұрғын үй комиссиясының» шешімі бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде жатақханадан шығарылады.

5. Студенттік жатақхана жұмысының тәртібі

5.1 Студенттік жатақханалар таңғы сағат 07:00-да ашылады, сағат 22.00-де жабылады.

5.2 Жатақханада тұратындарға жатақханада тұру құқына белгіленген үлгіде кіріп-шығуға рұқсат құжаты беріледі. Рұқсат қағазсыз жатақханаға кіруге тыйым алынады. Басқа адамға рұқсат қағазды беруге үзілді-кесілді тыйым салынады. Басқа адамға рұқсат қағазды бергені үшін студент, осы Ережеде көзделген, тәртіптік жазаға тартылады.

5.3 Жатақханада тұратындар сағат 22.00-ден кейін кеткен жағдайда, жатақханада тұратын студенттердің есеп журналында тіркелуге міндетті, ал жатақхана комендантының талап етуі бойынша мынадай жағдайларда жазбаша түсінік беруге міндетті:

- журналға тіркелусіз сағат 22.00-ден кейін жатақханаға келсе, Жатақхананың жұмыс тәртібін үнемі (айына 2 және одан да көп) бұзған кезде студентке, тұрғын үйді жалдау туралы шартты біржақты бұзып, жатақханадан шығаруға дейін тәртіптік жаза қолданылады.

- ескертусіз, сағат 22.00-ден кейін жатақханада болмау.

5.4 Егер, жатақханада тұрушы бір тәуліктен артық мерзімге жатақханада болмауды жоспарласа, сол жағдайда ол жатақхана бойынша комендатқа, орынды себептері көрсетілген, Жастар бастамашылығы орталығының директоры қол қойған өтінішті беруге міндетті.



5.5 Оқудан тыс бос уақытта жұмыс жасайтын студенттерге, жазбаша өтініші бойынша, университет ректоры жатақханада болудың жеке кестесін беруі мүмкін. Өтінішке жұмыс орнынан анықтаманы және жұмыс кестесін тіркеуі тиіс.

5.6 Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің қызметкерлері мен профессорлық-оқытушылық құрамы, сондай-ақ жатақханада тұрушылардың туысқандары жеке куәлігі бойынша, келу журналына міндетті түрде тіркелумен, жатақхананың жұмыс тәртібін сақтай отырып, жатақханаға кіруге құқы бар.

Жатақханаға бөтен адамдардың кіруіне және олардың сағат 22.00-ден кейін жүруіне тыйым салынады.

5.7 Вахтер, олардың жатақханада болуы тәртіптің бұзылуына ықпал етуі мүмкін деп сақтанғандықтан, бөтен адамдардың жатақхана ғимаратына кіруін шектеуге құқылы.

5.8 Жатақханадағы мәдени-көпшілік немесе басқа да іс-шаралар университеттің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі.

5.9 Жатақханада сағат 23.00-ден сағат 06.00-ге дейін тыныштық сақталуы тиіс (басқа бөлмелерге баруға, дауысы қатты шығатын аппаратураны қосуға, ән айтуға, шулауға, музыка аспаптарында ойнауға және т.б.) тыйым салынады. Тыныштықты бұзушыларға тәртіптік жаза қолданылады.

5.10 Коменданттың бөлмеге кіруге, бөлменің жай-күйін тексеруге құқы бар. Жатақханадағы тәртіп жағдайын тексеру жатақхананың студенттік кеңесінің төрағасының немесе оның мүшелерінің қатысуы жағдайында мүмкін болады. Кеш уақытта тексерушілердің бөлмелерде болуына, тыныштық бұзылған жағдайда немесе жатақханада тұратындардың тарапынан басқа да заңға қайшы іс-әрекеттер жасалғанда рұқсат етіледі.

6. Жатақханада тұратындардың құқықтары

6.1 Жатақханада тұратындар құқылы:

6.1.1 Осы Ережелердің талаптарын сақтау жағдайында, тұрғын үй жайын жалдау шарты қолданылатын бүкіл мерзімде оған бекітіліп берілген тұрғын бөлмеде тұруға.

6.1.2 Жатақханада тұратын студенттер, жатақхананың студенттік кеңесін сайлауға және оның құрамына сайлануға құқылы. Студенттік кеңес арқылы тұрушылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жетілдіру мәселелерін шешуге, тәрбие жұмыстары мен бос уақыттарын өткізуді ұйымдастыруға.

6.1.3 Жатақханада тұрушылар оқу және мәдени-тұрмыстық бөлмелерді және жатақхана инвентарын пайдалануға.



6.1.4 Жатақханада тұрушылар жатақхананың басқа тұрушыларынан осы ережелердің сақталуын талап етуге.

6.1.5 Жатақханада тұрушылар, Жастар бастамашылығы орталығына немесе жатақхананың студенттік кеңесіне өтініш жазу жолымен тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар жасауға.

6.1.6 Басқа бөлмеге ауысуға, жатақхана ЖБО директорының жазбаша рұқсатымен ғана мүмкін болады.

7. Жатақханада тұрушылардың міндеттері

7.1 Жатақханада тұрушылар міндетті:

7.1.1 Тұрғын үйді жалдау шартына сәйкес, тұрғаны үшін белгіленген мөлшерде ақысын уақтылы төлеуге.

7.1.2 Электр қуатын, суық және ыстық суды, жылу қуатын үнемдеу, мүлікті сақтау бойынша шараларды сақтауға.

7.1.3 Бөлмені таза және тәртіпте сақтауға. Бөлмедегі тазалықты ұстап тұру үшін жатақханада тұрушылар кезекшілік кестелерін жасауға.

7.1.4 Өрт қауіпсіздігі ережелерін білуге және оларды мүлтіксіз сақтауға міндетті. Өртке қарсы қауіпсіздік Ережелерін немесе электр аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды бұзған жағдайда, бұзушы жатақханадан шығарылады.

7.1.5 Өзінің мүлкін және Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің мүлкін сақтауды қамтамасыз ететін Ережелерді сақтауға. Университеттің мүлкіне залал келтірген жағдайда (егер сондай жағдай орын алса) өтеуге.

7.1.6 Берілген тұрмыстық және өзге де қызметтерді (кір жуатын машина, тоңазытқыш, электр плиталары және т.б.), сабақтарға өз бетімен дайындалатын бөлмені, интернет пайдалану, душ бөлмелерін пайдалану ережелерін сақтауға.

7.1.7 Жатақханада тұрушылар, тұрғылықты жері бойынша оқу, өндірістік, диплом алдындағы практикаға кету кезінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде, оның орнын сақтаумен (сақтаусыз) жатақханадан уақытша шығару туралы комендантты жазбаша ескертуге. Практикадан өту кезеңінде жатақханада орнын сақтаған жағдайда, білім алушы тұрғаны үшін толық төлем жасауы тиіс.

7.1.8 Оқу жылы аяқталғанда, академиялық күнтізбеге сәйкес, жатақханада тұрушы жатақханадан шығару туралы өтініш жазуға, үш күн мерзім ішінде бөлмені өткізу-қабылдау актісіне қол қоюмен (жетім балаларды, балалар үйлерінен келген балаларды, халықаралық келісімдер (контрактылар) бойынша Қазтұтынуодағы Қарағанды университетіне оқуға қабылданған шетел азаматтарын қоспағанда) бөлмені босатуға және тапсыруға.



7.1.9 Бөлмені тапсырмаған, тұру ақысына берешегі болған, өз бетімен кетіп қалған немесе бөлменің, жиһаз бен инвентардың жай-күйі бойынша комиссияның ескертпесі болған жағдайда, студент жаңа оқу жылында жатақханаға орналастырылмайды және осы Ереженің, тұрғын үйді жалдау шартының және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы ережелерінің талаптарына сәйкес, толық көлемде залалды өтейді.

7.1.10 Университетте оқуын аяқтаған кезде, сондай-ақ университеттен оқудан шығарған жағдайда, студенттер, білімі туралы диплом алған я оқудан шығару туралы бұйрық шыққан кезден үш күн мерзімде жатақханадан шығуға.

7.1.11 Жатақхана комендантының тиісті рұқсаты жоқ, жатақханада тұрмайтын бөтен адам бөлмеде тұрғаны үшін және осы жағдайды жасырған жағдайда, осы бөлмедегі барлық тұратындар жауапкершілік көтереді.

7.1.12 Осы Ережелерді өрескел бұзу деректерін студент/тер жасырған жағдайда, жатақхана коменданты, жатақхананың Студенттік кеңесіне хабарлай отырып, студентті/студенттерді жатақханадан шығаруды қарау туралы Тұрғын үй комиссиясына жүгінуге құқылы.

7.1.13 Басқа студенттердің денсаулығына қатер төндіретін ауру анықталған жағдайда, ауырған адам Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің медициналық пунктіне хабарлауы тиіс.

7.1.14 Осы Ереженің сақталуын бақылау, мүліктің сақталуын тексеру, алдын алу және басқа да жұмыстардың түрлерін жүргізу мақсатында университет әкімшілігінің тұрғын бөлмені тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

7.1.15 Мінез-құлықтың моралдық-этикалық талаптарын сақтауға, өзара құрмет пен мейірімділік ахуалын ұстап тұруға, жатақханада тұрушылар мен жатақхана қызметкерлеріне қарым-қатынаста кикілжіңге жол бермеуге міндетті.


7.1.16 Бөлмеден соңғы болып шыққан кезде барлық терезе мен есікті жабуға, бүкіл электр аспаптары мен жарықты өшіруге, кілтті вахтерға тапсыруға міндетті.

7.2 Жатақханада тұрушыға қатаң тыйым салынады:

7.2.1 Жатақханаға алкогольдік ішімдік ішкен немесе есірткі шеккен масаң калыпта көрінуге, шекпейтін темекі өнімдерін (насыбай), есірткілік заттарды, сондай-ақ құрамында алкоголь бар сусындарды тұтынуға, сатуға, таратуға және сақтауға.

7.2.2 Жатақхана бөлмелерінде және оның төңірегіндегі аумақта сигареттер (электрондық сигареттер/вейптер (IQOS, glo, Juu және бір реттік электронды шылымдар т.б.), кальян шегуге, есірткі құралдарын және алкогольдік ішімдіктерді тұтынуға.

7.2.3 Жатақханада атыс, жарақаттайтын, суық, пневматикалық, газ қаруын алып жүруге, сақтауға және пайдалануға.

	Жатақханасында тұру Ережесі	Нұсқа4 2024 ж
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-ЭН-92-2024	

7.2.4 Тез тұтанғыш заттарды сақтауға және қолдануға.

7.2.5 Тұрғын үй-жайда ашық от көздерін пайдалануға.

7.2.6 Тұратын тұрғын бөлмеде тамақ дайындауға.

7.2.7 Құмар ойындар ұйымдастыруға және оған қатысуға.

7.2.8 Терезелерден және балконнан қоқыс және басқа да бөтен заттарды лақтыруға, ортақ пайдаланатын орындарды қоқыспен және тұрмыстық қалдықтармен толтырып тастауға.

7.2.9 Рұқсатсыз электр сымдарын жөндеуге немесе қайта жасауға, бөлмелердің қабырғаларына шегелерді қағуға (жүргізілген электр желілерінің зақымдануын болдырмау үшін).

7.2.10 Бөлменің кіретін есігіне, комендант рұқсатынсыз қосымша құлыптар орнатуға, құлыптарды қайта жасауға және оларды ауыстыруға.

7.2.11 Бөлмеде басқа тұрғындардың бөлінген бөлмені пайдалануына кедергі келтіретін үлкен заттарды сақтауға.

7.2.12 Жатақханада үй жануарларын, оның ішінде балықтар мен құстарды ұстауға.

7.2.13 Инвентарды, жиһазды бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетімен ауыстыруға.

7.2.14 Тұрғын бөлменің қабырғаларына және ортақ пайдаланатын орындарға хабарландыруды, кестені, картиналарды және т.б. ілуге, егер бұл Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің мүлкін бүлдіруге әкелетін болса.

7.2.15 Өзге тұрғын бөлмелердегі білім алушылардың қалыпты тұру жағдайын бұзатын шу және діріл туғызатын жұмысты бөлмеде орындауға, басқа да әрекеттер жасауға.

7.2.16 Бөгде адамдарды жатақханаға өткізуге және (немесе) оларды түнде жатақханада қалдыруға, басқа адамдарға, оның ішінде жатақхананың басқа бөлмелеріне қоныстанғандарға тұру үшін тұрғын алаң беруге тыйым салынады.

7.2.17 Өз бетімен бір бөлмеден екінші бөлмеге қоныстануға.

7.2.18 Комендантқа, вахтерға хабарлаусыз (рұқсатсыз), сағат 22.00-ден кейін жатақханадан өз бетімен кетіп қалуға я басқа бөлмелерде болуға.

7.2.19 Жатақхана әкімшілігіне құрметпен қарамауға.

7.2.20 Жатақхана аумағында әдепсіз сөйлеуге.

7.2.21 Жатақхана аумағында кез-келген коммерциялық қызметті жүргізуге.

8. Жатақханадағы өзін-өзі басқару органдары

8.1 Жатақханада тұратындар өзін - өзі басқару органын – жатақхананың студенттік кеңесін (бұдан әрі - жатақхананың студенттік Кеңесі) сайлайды,



ол олардың мүдделерін білдіреді. Жатақхана студкеңесі бөлмелер (блоктар) старосталарының қызметін үйлестіреді, жатақханаға өз бетінше қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастырады, жатақханада және оған іргелес аумақта тұратындарды қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауға тартады, жатақхана әкімшілігіне тұратын адамдарға бекітілген материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауды ұйымдастыруға көмектеседі, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады.

8.2 Жатақхананың әрбір қабатында староста сайланады. Староста жатақханада тұратындардың бөлмеде (блокта) болғанда мүлікке жанашырлықпен қарауын, бөлмелерді (блокты) таза және тәртіпте ұстауын қадағалайды.

Староста өзінің жұмысында жатақхананың Студкеңесінің және жатақхана әкімшілігінің шешімдерін басшылыққа алады.

8.3 Жатақхананың Студкеңесінің төрағасы күнсайын қабаттағы старостамен бірге аралап шығып, бөлмелердің санитарлық жағдайын тексереді, нәтижелерін журналға жазады.

8.4 Жатақхананың Студкеңесімен келесі мәселелер келісілуі тиіс:

8.4.1 Жатақханада тұрушының жеке ынтасы және әкімшіліктің ынтасы бойынша жатақханада тұрушыны бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыру;

8.4.2 Жатақханада тұрушыларға тәртіптік жаза шаралары.

9. Жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

9.1 Осы Ережені бұзғаны үшін тұрғын үй комиссиясы жатақханада тұратын адамдарға осы Ережені бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

9.2 Материалдық залал келтірілген жағдайда залал сомасы, оны өтеу мерзімі мен нысаны айқындалатын акт жасалады. Актіге комендант, ЖБО директоры, жатақхана студенттік кеңесінің төрағасы және тәртіп бұзушы қол қояды.

9.3 Жатақханада тұру ережелерін бұзған жағдайда, ЖБО директорының ұсынысы бойынша ректор бұйрығымен жатақханадан шығарылады.

9.4 Жатақханада тұратын адамдардың осы Ережелерде көзделген міндеттерді бұзғаны үшін, оларға мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

- ескерту;

- сөгіс;

- тұрғын үйді жалдау шартын бұзғанда жатақханадан шығару;

- Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенттер құрамынан шығару.



9.5 Рұқсат қағазды басқа адамдарға бергені үшін, жатақханада тұрушыға сөгіс жарияланады, қайталап бұзған жағдайда - жатақханадан шығарылады.

9.6 Жатақханада тұрушылар мынадай жағдайларда жатақханадан шығарылуы мүмкін:

9.6.1 Тұрғын жайды (бөлмені) мақсаты бойынша пайдаланбағанда.

9.6.2 Тұрғындардың немесе басқа азаматтардың, әрекеттері үшін олар жауап беретін, университет мүлкін бұзғанда, бүлдіргенде.

9.6.3 Көршілердің құқықтары мен заңды мүдделерін жүйелі түрде бұзғанда, бұл бір тұрғын үйде бірге тұруға мүмкіндік бермегенде.

9.6.4 Алкогольді ішімдіктерді тұтынғанда және сақтағанда, мас күйінде келгенде, есірткі заттарды, шекпейтін темекі бұйымдарын (насыбай) сақтағанда, таратқанда және пайдаланғанда, темекі, (электрондық сигареттер/вейптарар (IQOS, glo, Juu және т.б.), кальян шеккенде.

9.6.5 Жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін кінәлі адам анықталмаған жағдайда (темекі түтіні, бөлмедегі спирт бөтелкесі) жауапкершілік осы бөлмеде тұратын барлық адамдарға жүктеледі, бұл оларды дереу шығаруға әкеп соғады.

9.6.6 Екі және одан да көп ай ішінде жатақханада тұрушы тұрғын бөлме ақысын төлемегенде.

9.6.7 Жазбаша ескертусіз тұрушы жатақханада үш күннен артық болмағанда.

9.6.8 Жатақханада тұрушы жарылғыш, химиялық қауіпті заттарды немесе атыс (суық) қаруын сақтағанда.

9.6.9 Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінен оқудан шығару.

9.6.10 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

9.7 Тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану тұрғын үй комиссиясының хаттамасымен және университет ректорының бұйрығымен ресімделеді.

10. Жатақханада санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы

10.1 Жатақханаларда санитарлық-эпидемиологиялық және алдын алу шараларын сақтау.

10.2 Жатақханаларда желдету жүйелері жұмыс істейді және желдету тәртібі сақталады.

10.3 Ортақ қолданылатын әжетханаларда, қолжуғыштарда, душ пен тұрмыстық бөлмелерде күніне 2 рет, дезинфекциялайтын құралдар қолданыла отырып, ылғалды жуып-сүрту, жинастыру жұмыстары жүргізіледі.



Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ӘН-92-2024

10.4 Дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып және кейіннен желдете отырып, жатақханада тұратындардың бөлмеге күнделікті ылғалды жуып-сұртуді, жинауды жүргізуі..

10.5 Жатақханадағы ортақ пайдаланатын орындарда кварцтеу жүргізу - күніне 3 рет, жатақханада тұратындардың бөлмесінде - күніне 2 рет.

10.6 Ортақ пайдаланатын орындар қол жуатын құралдармен және антисептиктермен қамтамасыз етіледі.

11. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

11.1. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу университет ректорының келісімі бойынша жүргізіледі және «Құжатталған ақпаратты басқару» РГ-02 рәсіміне сәйкес белгіленген тәртіппен міндетті түрде ресімделеді.

12. Сақталуы

12.1. Құжаттың түп нұсқасы ЖБО-да, көшірмесі Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу орталығында сақталады.

Әзірлеген:

Жастар
бастамашылығы
орталығының
директоры

М.Е. Хасенова

Келісілді:

Әлеуметтік мәселелер
жөніндегі проректор

А.С. Орынбеков

Ректор аппаратының
жетекшісі

Ю.Н. Еремин

Сапаны қамтамасыз ету
және аккредиттеу
орталығының
директоры

Д.Г. Кудикенова



Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ӘН-92-2024

1-қосымша

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің
ректоры,

э.ғ.д., профессор Е.Б.Аймағамбетовке

_____ курс студенті

топ _____

мамандығы _____

факультеті _____

_____ Т.А.Ә (толық)

ӨТІНІШ

Сізден маған университет жатақханасынан бір орын бөлуіңізді сұраймын.

Келген жерім _____

Жатақханада тұру ақысын уақтылы төлеуге және тәртіпті сақтауға кепілдік беремін.
«Қазтұтынуодағы ҚарУ жатақханасында тұру Ережелерімен» таныстым және келісемін.

« ____ » _____ 20 ____ ж.

/қолы/ _____



Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ӘН-92-2024

2-қосымша

тұрғын үйді жалдау
ШАРТЫ № _____

Қарағанды қ.

« _____ » _____ 20__ ж.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, бұдан әрі Университет деп аталады, ректор Е.Б.Аймағамбетов атынан, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, университет Жарғысы негізінде әрекет ететін, бір тараптан Студент

Мына

(Т.А.Ә.)
мекен-жайда

тұратын

Жеке куәлік № _____ « _____ » _____ 20__ ж. берілген, бұдан әрі Студент деп аталады, екінші тараптан, университет ректоры төмендегілер туралы осы Шартты жасадық:

1. ШАРТ МӘНІ

- 1.1. Университет оқу уақытында тұру үшін « _____ » _____ 20__ жылдан « _____ » _____ 20__ жылға дейін ҚарУ жатақханасынан Студентке орын береді.
- 1.2. Студент көрсетілетін қызметтерге белгіленген тариф бойынша төлейді.

2. ШАРТ ТАРАПТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Университет осындай оқу орындарына қойылатын, санитария, гигиена, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкес келетін, жатақханада тұру жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Шарт жасағанға дейін Студентті жатақханадағы ішкі тәртіп Ережелерімен таныстырады.

2.2. Студент көрсетілген қызметтерді ай сайын _____ (_____) тенге мөлшерінде әрбір айдың 15жұлдызынан (егер бұл күн демалыс күнге түссе, онда келесі жұмыс күнінен) кешіктірмей төлеуге міндеттенеді. **Төлем жасау қоныстану кезінде аудару немесе қол ақшамен ағымдағы оқу жылы үшін Университет кассасына салу жолымен жүргізіледі.**

2.2.1. Мерзімді төлемдермен тұру ақысы ректордың атына дәлелді өтініш бойынша жеке белгіленуі мүмкін.

2.2.2. Тұру кезінде студент жатақханада тұру күніне қарамастан, толық айды есептеу негізінде төлейді.

2.2.3. Жатақханада тұрудың алғашқы жарнасын Студент осы шартты жасау кезінде төлейді.

2.2.4 Білім алушылар тұрғылықты жері бойынша оқу, өндірістік практикаға кеткен кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде комендантқа оның орнын сақтай отырып (сақтамай) жатақханадан уақытша шығару туралы өтініш жазуға міндетті. Практикадан өту кезеңінде жатақханадағы орын сақталған жағдайда, білім алушыларға тұрғаны үшін толық төлем жүргізілуі тиіс.

2.3. Студент жатақханада тұру Ережелерінің, Қазтұтынуодағы ҚарУ студентінің ар-намыс кодексінің барлық талаптарын орындауға, Университет мүлкінің бүлінуіне жол бермеуге, бөлмелердің санитарлық жағдайын қадағалауға, жатақханада өткізілетін іс-шараларға қатысуға міндетті.

2.4. Университеттің осы шартты бұзуға құқы бар:

2.4.1. Студент «Қазтұтынуодағы ҚарУ жатақханасында тұру Ережелерін бұзған жағдайда;

2.4.2. Студенттің жатақхананың Студенттік кеңесінің жиналысында алған екі сөгісі болғанда (Студент жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін бұзу жағдайы кезінде сөгіс беріледі).

2.4.3. жатақханада тұру ақысын төлеу бойынша 2 айдан көп берешегі болған кезде.

2.4.4. жатақханада тұрушы орынды себепсіз 3 (үш) тәуліктен артық болмаған кезде, Университеттің біржақты тәртіпте жалға беру шартын бұзуға және білім алушыны жатақханадан шығаруға құқы бар.

2.5. Студенттің өзінің ар-намысын, қадір-қасиетін құрметтеуге және жеке өмірінің құпиясын сақтауға құқы бар.

2.6. Студенттің тұру шығындары толық өтелген жағдайда, болжамды бұзудан үш күн бұрын университетті ескерте отырып, себебін түсіндірмей Шартты бұзуға құқы бар.



Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ӘН-92-2024

2.7. Шартты бұзудың кез келген жағдайында Студент, Университет мүлкіне келтірілген шығынды өтеуге міндетті.

2.8. Шарт сондай-ақ, шарттың осы тарауының ережелері бойынша Студентті Университеттен оқудан шығарған кезде бұзылады.

2.9. Шартты бұзу кезінде артық төлеген сома студенттің өтініші бойынша мерзімінен бұрын қайтарылады. Сомаларды қайтару шартты бұзған күнге қарамастан, бұзылған айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап толық айдың есебінен жүргізіледі.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.

3.2. Тараптар арасында туындауы мүмкін даулар, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте шешіледі.

3.3. Осы Шарт бір жыл мерзімге жасалады.

Шартқа кез келген өзгерістер, толықтырулар оларды жазбаша нысанда жасаған және университет пен студент бекіткен жағдайда жарамды болады.

Шарт қазақ тілінде, екі данада жасалған, тараптардың әрбірі үшін бір данадан.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕЕЛЕРІ

Университет

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
100009, Қарағанды.қ., Академическая көшесі, 9
тел. (7212) 44-16-22, 44-15-78, факс 44-16-32
РНН 302000015920
«БанкЦентрКредит» АҚ Қарағанды қ.
ИИК KZ56856000000205110
БИК KСJB KZ KX КБЕ 17

Ректор

Е.Б.Аймағамбетов _____

Студенттің Т.А.Ә. _____

Студенттің ЖСН-і _____, жеке куәлік № _____

Берілді _____ « _____ » _____ 20 _____ ж.

Мекен-жайы (үйі) _____

Телефон (үйі) _____

(ұялы телефоны) _____



Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ӘН-92-2024

3-қосымша

Тұрғын үйді жалдау № _____
Шартына қосымша
« _____ » _____ 20 ____ ж.

Тапсыру-қабылдау актісі

Қарағанды қ.

« _____ »

_____ 20 ____ ж.

1. « _____ » _____ 20 ____ ж., тұрғын үйді жалдау Шартына және осы Өткізіп беру _____ актісіне сәйкес Университет береді, ал студент _____

(Т.А.Ә.)

№ _____ жатақханадағы тұрғын бөлмені (№ _____ бөлмені) қабылдайды.

2. Тұрғын бөлме келесі мүлікпен беріледі:

№	Атауы	Саны	Ескерту
1	Шкаф (киімге арналған)	1	
2	Төсек	4	
3	Төсек жанындағы тумба	4	
4	Үстел	1	
5	Табурет	4	
6	Аспалы сөре	2	
7			
8			
9			

3. Кемшіліктердің сипаттамасы

4. тұрғын жай (бөлме) тұруға жарамды, жақсы жағдайда, осы Тапсыру-қабылдау актісінің 3-тармағында көрсетілгеннен өзге кемшіліктері жоқ.

Студенттің Т.А.Ә. _____

Коменданттың Т.А.Ә. _____

Қолы _____

Қолы _____



Жатақханасында тұру Ережесі

Нұсқа4
2024 ж

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ӘН-92-2024

4-қосымша

ЖОЛДАМА

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінде білім алушыға жатақхана беру туралы

Азамат(ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

№ _____ жатақханаға қоныстандыруға жолдама

Жатақхана мекен-жайы _____

Ректор _____
(қолы)

«__» _____ 20__ ж.
М.О.

